Сот органдарында құқыққорғау қызметінің екі аспектісі көрсетілген: Біріншіден, құқық пен заңның үстемдігін қамтамасыз ету. Бұл сот органдары азаматтық, қылмыстық және әкімшілік істерді қарастыра отырып, тек қана заңнамаға, соның ішінде Конституцияға, нормативтік-құқықтық актілерге, мемлекеттің халықаралық заңнамаларына сүйену керек екендігін көрсетсе, екіншіден, азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандығын және заңды мүдделерін қорғауын қамтамасыз ету болып табылады. Аталмыш қызмет Қазақстан Республикасының Конституциясының қағидаларына сай келеді. Қазақстан Республикасын Конституциясының 78-бабында «Соттардың Конституциямен баянды етілген адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін заңдар мен нормативтік құқықтық актілерді қолдануға құқығы жоқ. Егер сот қолдануға тиісті заң немесе өзге де нормативтік құқықтық акт Конституциямен баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп тапса, іс жүргізуді тоқтата тұруға және осы актіні конституциялық емес деп тану туралы ұсыныспен Конституциялық Кеңеске жүгінуге міндетті» екендігі туралы айтылып өткен.

Істі қараудағы әділ, әрі жария түрде қарау құқығы тәуелсіз және әділетті сот арқылы жүзеге асырылуы тиіс екендігі Адам құқығы мен бостандығын қорғау туралы Декларацияның 8-бабында айқындалып, оған Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабы арқылы кепілдік берілген. Конституция бойынша: «Әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға және әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғалуына құқығы бар» екендігі туралы айтылған. Еуропалық Конвенцияның 6-бабына сәйкес: «әрбір тұлға өзінің азаматтық құқықтары мен міндеттерін анықтауда немесе кез келген қылмыстық айыптау кезінде әділ және жария соттық қарастыруға, соттың нақты және дұрыс шешім қабылдауына сенім арта алады».

Сол сияқты заңнама Адам құқықтары туралы жалпы Декларацияның 10- бабында, Халықаралық азаматтық және саяси құқық туралы пактінің 14- бабында баяндалған.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасындағы адам құқықтарын қорғаумен айналысатын ұйымдардың бірі, ол – Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы

Адам құқықтарын жөніндегі комиссия. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия Мемлекет басшысының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес танылатын және кепілдік берілетін адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілі ретіндегі өзінің конституциялық өкілеттіктерін іске асыруына жәрдемдесетін консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

Адам құқықтары жөніндегі Комиссия ережеде бекітілген мақсат міндеттерін тиімді атқаруда. Дегенмен де, жекелеген адамдардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын тәжірибелік қорғау саласында ұтымды іс-шаралар ұйымдастыра алмай отырғандығын да атап өткен орынды болар еді. Өйткені Комиссия адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және саяси технологияларды енгізумен ғана шектеліп қалуда. Сондықтан да келешекте Комиссияның осы бағыттағы қызметін жандандыра түсуі қажет, яғни адам құқықтарын жалпы негізде қорғау қызметімен бірге жекелеген адам құқықтарын қалпына келтіру, қорғау қызметінің механизмін де жұмыс тәжірибесіне енгізген дұрыс болар еді.

Қазіргі кезеңде Қазақстанда Омбудсмен институтын енгізу өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Омбудсмен – адам құқықтарын қорғау, арыз, өтініштерді қарау, құқықтар бұзылған жағдайда қалпына келтіру қызметімен айналысатын өкіл. Омбудсмен институты біздің елімізде адам құқықтарын қамтамасыз етудің бірін-бір тетігі болуы мүмкін. Классикалық тұрыда, омбудсмен дегеніміз – мемлекеттік шенеуніктердің заңсыз әрекеттері нәтижесінде бұзылған құқықтар жөніндегі арыз-шағымдарды қарап, тексеріп заңдық күші жоқ ұсыныстар беретін тәуелсіз лауазымды тұлға. Біздің мемлекетімізде бұрын соңды бұндай институт болған емес. Ал ол адам құқықтарын қорғау, қамтамасыз ету және қалпына келтіруде жаңа тәсілдер мен әдістер енгізуге қуатты серпін бере алады. Бұндай қажеттілікті қазіргі таңда жұртшылықтың барлығы да мойындап отыр. Адам құқықтары жөніндегі ұлттық құрылым, үшінші мыңжылдықтың басында Омбудсмен институты қызметін қолдану құқықтық мемлекет құрудағы нық қадамдардың бірі болар еді.

Қазақстан Республикасы адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау саласында ұлттық заңнамаға сүйенеді. Қазақстанның халықаралық конвенцияларға қосылуы адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау және сақтау саласында әлем стандарттарына қол жеткізуінің басты факторы болып табылады.

Әдетте тәжірибеде адам құқықтарын қорғаудың алуан түрлі органдар жүйесі мен процедуралары қорғау механизмін қалыптастырады. Бұндай механизмдерсіз құқықтық мемлекет құру мүмкін емес, одан әрі өмір сүре алмайды: Конституциялық соттар (Испания, Италия, Ресей, Германия); Конституциялық Кеңес (Франция); Жоғарғы Сот (АҚШ); Мемлекеттік Кеңес

(Италия); Әкімшілік соттар, жалпы юрисдикциялық соттар, омбудсмендер (Франция, Польша, Ұлыбритания); медиатор-делдал (Франция) – міне адам құқықтарын және олардың бостандықтарын қамтамасыз ететін кейбір механизмдер осындай.

1948 жылдың желтоқсанында Адам құқықтарының Жалпыға бірдей Декларациясы қабылдануымен адам құқықтарын кодификациялау процесі басталды деуге болады. Адам құқықтары институтын және процедураларын жақсарту оларды іс жүзіне асыру және қорғау шаралары енгізілді. Осы жолдағы адамзаттың жарты ғасырлық тәжірибесі адам құқықтары мен бостандықтарын жеткілікті дәрежеде қамтамасыз етудің және қорғаусыз демократияға, құқықтық мемлекет құруға қол жеткізудің мүмкін еместігін көрсетіп берді.

Адам құқықтарының жай-күйі әр мемлекетте адам және мемлекет қарым-қатынасы қағидасының сақталуына байланысты, әлемдік қатынастарда танылған бұл қағидаларды ұлттық заңнамаларға енгізу, құқықтарды қорғаудың механизмін қалыптастыру құқықтық жүйенің жайкүйіне тығыз байланысты десек қателеспес едік. Адам құқықтарын қорғау механизмі мынадай шараларды қамтиды:

Конституциялық бақылау;

Соттық қорғау;

Қорғаудың әкімшілік-құқықтық формалары; - үкіметік емес құқық қорғау ұйымдарының қызметі.

Жоғарыда аталған адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау механизмі әр түрлі дәрежеде біздің елімізде де қолданылады.

Адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудің маңызды мемлекеттік институты Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкес ел Президенті болып табылады. «Республика Президенті – халық және мемлекеттік биліктің бірлігінің, конституцияның мызғымастығының, адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының кепілі және символы» (Қазақстан Республикасы Конституциясының 40-бабы). Президенттің ерекше конституциялық мәртебесі халық алдындағы зор жауаптылығымен сипатталады. Мысалы Конституцияға толықтырулар мен өзгертулер енгізу конституциялық белсенділік құқығы Қазақстан Республикасы Президентіне берілген. Заңды қарау және мемлекеттің басқа органдарымен қарым-қатынас үрдісіндегі Президенттің ерекше жағдайы адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудің кепілі болып табылады. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Республика Президенті мемлекетте қабылданған барлық құқықтық нормативтік актілердің күшін толық немесе ішінара жоя алады.

Президент мемлекеттік реттеудің барлық тетіктеріне, атап айтқанда құқық қорғау, қарулы күштер қолдану және т.б. ішкі саяси қайшылықтар жағдайында жедел, әрі жауапты әрекеттер жасауға міндетті болып табылады. Бұл адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың құралы болып келеді. Заңдылық, қылмыстың әр түрлі формаларымен күрес, мемлекеттік тәртіпті сақтау режимдерін қамтамасыз ету мемлекет басшысының белсенді тәжірибелік ролін аңғартады.

Тарихи әділеттілікті және заңдылықты қалпына келтіру тұрғысындағы 1991 жылғы 12 желтоқсандағы «Қазақстанда 1986 жылы 17-18 желтоқсандағы оқиғаларға қатысқаны үшін жауаптылыққа тартылған азаматтарды ақтау жөніндегі» Президент жарлығы мен 1993 жылғы 14 сәуірдегі «Жаппай саяси репрессия құрбандарын ақтау жөніндегі» Заң маңызды құжаттар болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сапарғалиев Ғ.С. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы. – Алматы: Жеті жарғы. – 2004 ж.

2. Т. Джефферсон «Таңдамалы еңбектер жинағы»

3. Қ. Мами «Қазақстан Республикасындағы Сот жүйесін реформалаудың басым бағыттары» туралы

4. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995 жыл 30 тамыз.

5. Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының 2000 жылғы. 25 желтоқсандағы № 132-II Конституциялық Заңы.

РАЗВИТИЕ СИСТЕМЫ ИНТЕРНЕТ-МАРКЕТИНГА КАК ИНСТРУМЕНТА ПРОДВИЖЕНИЯ ПРОДУКЦИИ НА АВТОМОБИЛЬНОМ РЫНКЕ КАЗАХСТАНА

Жаксыадай А, магистрант MBA Yessenov University, г. Актау
Научный руководитель: Саймагамбетова Г.А., Yessenov University, г. Актау

Аннотация. С развитием цифровых технологий и увеличением доступа к интернету в Казахстане, интернет-маркетинг становится ключевым инструментом для продвижения продукции на автомобильном рынке. В статье рассмотрены вопросы текущего состояния и перспектив развития интернет-маркетинга в автомобильной отрасли Казахстана. Особое внимание уделено анализу эффективности различных стратегий интернет-маркетинга в контексте специфики казахстанского автомобильного рынка, а также изучению предпочтений и поведения местных потребителей в интернете.

Ключевые слова: интернет-маркетинг, контент-маркетинг, автомобильный рынок.

С развитием технологий и доступности интернета в современном мире, автомобильные компании сталкиваются с необходимостью приспособления своих стратегий маркетинга к новым условиям. В данной статье мы проведем анализ развития системы интернет-маркетинга как ключевого инструмента продвижения продукции на автомобильном рынке Казахстана.

Прежде чем перейти к анализу интернет-маркетинга, необходимо рассмотреть текущую ситуацию на автомобильном рынке Казахстана. Анализ структуры спроса и предложения поможет лучше понять контекст для эффективной стратегии интернет-маркетинга. Автомобильная индустрия Казахстана играет ключевую роль в экономическом развитии страны, отражая динамику ее социально-экономических процессов. За последние несколько лет автомобильный рынок подвергся значительным изменениям под воздействием различных факторов, включая мировые тенденции, экономические флуктуации и пандемию COVID-19 [1].




Рисунок 1. Состояние продаж автомобильного рынка в Казахстане

Начнем с оценки воздействия пандемии COVID-19 на автомобильный рынок в Казахстане. Закрытие границ, ограничения движения и неопределенность экономической ситуации оказали существенное воздействие на спрос и предложение автомобилей. Снижение покупательной способности и непредсказуемость деловой активности привели к уменьшению объемов продаж в первой половине 2020 года [2].




Рисунок 2. Сезонность продаж автомобилей в Казахстане

На рисунке 2 график иллюстрирует сезонность продаж автомобилей по месяцам за разные годы. Здесь мы видим, как меняется спрос на автомобили в течение первых пяти месяцев года для каждого рассматриваемого периода. В частности, в мае обычно наблюдается повышенный спрос по сравнению с другими месяцами, что может быть связано с различными факторами, включая сезонные продажи или налоговую политику.

Анализ данных о продажах автомобилей в Казахстане за указанный период позволяет выявить тренды в структуре автопарка. Лидером на автомобильном рынке Казахстана в 2023 году являются автомобили марки Hyundai. Благодаря доверию покупателей к бренду, транспортные средства марки Hyundai были реализованы в количестве 47 194 единиц. Кроме этого бренда в ТОП-5 вошли Chevrolet (45 958 автомобилей), Kia (25 631 автомобиль), Chery (12 214 автомобилей) и Toyota (10 769 автомобилей). Самыми же продаваемыми моделями в 2023 году в Казахстане стали автомобили Chevrolet Cobalt. В 2023 году было реализовано 30 439 автомобилей Chevrolet Cobalt. На втором месте идут автомобили Hyundai Tucson с показателем в 14 425 автомобилей. Также в ТОП-5 вошли такие автомобили как Kia Sportage (10 526 автомобилей), Hyundai Santa Fe (7 446 автомобилей), Chevrolet Onix (6 003 автомобиля) [3].

Возможно, рост интереса к экологичным и электрическим автомобилям, а также изменения в предпочтениях потребителей по маркам и моделям.

Экономические факторы, такие как инфляция, курс тенге, уровень безработицы и общая экономическая стабильность, оказывают существенное воздействие на

автомобильный рынок. Анализ влияния этих факторов поможет понять, насколько устойчивым остается рынок автомобилей в условиях экономических колебаний.

Рост или модернизация инфраструктуры, такие как дороги, заправочные станции и парковочные зоны, может оказывать существенное влияние на выбор автомобилей потребителями. Анализ направлений развития инфраструктуры и соответствующего спроса на определенные категории автомобилей может подсказать производителям, как адаптировать свои стратегии.

Мировые тенденции включают растущий интерес к электрическим и гибридным автомобилям. Анализ принятия этих технологий на автомобильном рынке Казахстана за последние годы может дать представление о том, насколько активно происходит переход к более экологичным транспортным средствам и какие меры поддержки принимаются со стороны государства.

Анализ ценообразования на автомобильном рынке важен для понимания, какие факторы влияют на изменения цен на автомобили. Экономические факторы, таможенные пошлины, ситуация с поставками и тенденции спроса могут быть решающими в этом контексте.

Государственные программы поддержки и субсидии могут оказать существенное воздействие на автомобильный рынок. Анализ таких программ за последние годы может дать представление о том, насколько эффективны они были в стимулировании продаж, развитии отрасли и поддержке потребителей.

Сегмент трейд-ин и вторичного рынка также заслуживает внимания при анализе автомобильного рынка. Тенденции в этих сегментах могут дать представление о ценности и долговечности автомобилей, а также важности программ обмена и вторичной продажи для конечных потребителей.

Автомобильный рынок Казахстана за период с 2020 по 2023 годы прошел через ряд вызовов и изменений, подчеркивающих динамичность и адаптивность отрасли. Анализ состояния рынка, учет воздействия различных факторов и выявление ключевых тенденций помогут предприятиям и инвесторам принимать обоснованные решения, ориентированные на будущее развитие автомобильной индустрии в Казахстане.

Интернет-маркетинг в автомобильной индустрии Казахстана прошел путь от простого онлайн-присутствия до сложных стратегий взаимодействия с клиентами. Начав с веб-сайтов и электронных брошюр, компании быстро осознали потенциал социальных сетей, поисковых систем и прочих инструментов для привлечения внимания и создания лояльности.

Социальные сети становятся неотъемлемой частью интернет-маркетинга в автомобильной индустрии. Анализ вовлеченности аудитории, эффективности рекламных кампаний и обратной связи в социальных медиа позволяет компаниям понимать потребности и предпочтения потребителей, а также эффективность своих маркетинговых стратегий.

Поиск в интернете стал первым шагом для многих потенциальных покупателей автомобилей. Анализ SEO-стратегий, эффективности ключевых слов и оптимизации контента помогает определить, насколько успешно компании представлены в поисковых системах и как это влияет на их видимость на рынке.

С ростом доверия к онлайн-покупкам, электронная коммерция в сфере автомобильной индустрии приобретает все большую важность. Анализ эффективности онлайн-продаж, удобства использования интернет-платформ для выбора и заказа автомобилей, а также инноваций в области онлайн-продаж помогут понять перспективы данного направления.

Контент-маркетинг играет ключевую роль в информационной поддержке клиентов. Качественный контент о новых моделях, технологических новинках и других аспектах автомобильной индустрии помогает привлечь внимание и укреплять экспертный статус бренда. [3].

Инновации в области технологий распознавания изображений и виртуальных тест-драйвов предоставляют возможность потенциальным покупателям более глубоко ознакомиться с продукцией до посещения дилерского центра. Анализ внедрения таких технологий и их влияния на конверсию и лояльность клиентов становится важной частью маркетинговой стратегии.

Системы аналитики и обработки больших данных становятся невероятно важными в оценке эффективности интернет-маркетинга. Анализ поведения пользователей, покупательских решений и данных о конкурентах помогает компаниям делать более обоснованные стратегические решения.

Анализ региональных особенностей и культурных аспектов необходим для адаптации интернет-маркетинговых стратегий под специфику казахстанского рынка. Учет особенностей потребительского поведения и предпочтений помогает сделать маркетинг более надежным и эффективным.

Накопленный опыт и анализ текущих тенденций позволяют делать прогнозы относительно будущего интернет-маркетинга в автомобильной индустрии Казахстана. Развитие технологий, изменение потребительских предпочтений и конкуренция будут формировать новые вызовы и возможности для маркетологов.

Интернет-маркетинг в автомобильной индустрии Казахстана продолжает эволюционировать, привлекая все больше инноваций и технологий. Анализ развития этой системы является неотъемлемой частью успешной маркетинговой стратегии для автопроизводителей и дилерских сетей. Способность адаптироваться к изменяющимся условиям рынка и использование передовых методов интернет-маркетинга становятся ключевыми факторами успеха в конкурентной среде автомобильной отрасли Казахстана.

ЛИТЕРАТУРА

1. Динамика автомобильного рынка Казахстана в первом полугодии, 2022 года. Электронный ресурс. - Режим доступа: Year_report_2022_RU (asroad.org)
2. Рынок новых автомобилей в Казахстане: итоги 2022 года. Электронный ресурс. - Режим доступа: Рынок новых автомобилей в Казахстане: итоги 2022 года (dknews.kz)
3. Продажи новых автомобилей в Казахстане. Статистика продаж автомобилей в Казахстане за 2023 год. VERcity

ӘОЖ 342.7

ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТТЕР ДОСТАСТЫҒЫ ЕЛДЕРІНДЕ ОТБАСЫ ҚАТЫНАСТАРЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Жангазиева А.Н., магистранты, Yessenov University, Ақтау қаласы
Ғылыми жетекші: Абилшеева Р.К., Yessenov University, Ақтау қаласы

Аңдатпа. Қазіргі таңда отбасы қоғамдағы елдің болашағын қалыптастыратын маңызды институт болып табылады. Мақалада отбасы құқықтық қатынастарын реттеуші

құқықтық нормаларға ТМД елдерінің отбасы заңнамаларына сүйене отырып салыстырмалы талдау жасалады.

Түйін сөздер: неке, некеге тұру, отбасы, отбасылық құқықтық қатынастар, субъективтік құқық.

Қазіргі қоғамда пайда болған дәстүрлі отбасылық дағдарыстар жағдайында отбасылық қатынастарды әлеуметтік – құқықтық реттеудің мәдени дәстүрлерін, әдістері мен тәсілдерін зерттеу қажеттігі туындайды. Біздің ойымызша, отбасылық құндылықтарды сақтауда және оларды жалпы әлеуметтік реттеу жүйесінде құқықтық реттеуге көңіл бөлінеді.

Қазіргі ғылыми заң әдебиеттерінде әлеуметтік реттеудің: нормативті және жеке түрлері бөліп қарастырылады.

Теорияда әлеуметтік нормалар жасалу және қамтамасыз етілу әдістері бойынша құқық нормаларына (құқықтық нормалар); мораль нормаларына (немесе адамгершілік нормалары); діни нормаларға; корпоративті нормаларға; тарихи қалыптасқан және адамдардың әдет-ғұрпының бір бөлігіне айналған (әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер, рәсімдер) нормаларға жіктеледі.

Отбасылық қатынастарды әлеуметтік реттеуде мәдени дәстүрлер туралы айтып өткен жөн. Салт-дәстүр ұлттық тәрбиенің ұлы тіні. Дәстүрмен өзге ұлт басқаны тани алады. Ол ұлтқа рух беріп, оның ішкі-сыртқы келбетін өрнектеп көрсетіп тұратын сипаттардың бірі. Салт-дәстүріміз ғасырлар бойы қалыптасып қалған құндылығы, әлеуметтік – мәдени мұрасы болып табылады. Отбасы қатынастарын реттеудің қазақ қоғамындағы ерекшелігі салт-дәстүр нормаларымен құқықтық нормалардың өзара сабақтастықта қолданылуы болды. Қазақ қоғамының құқықтық мәдениетін құрайтын өмір салтының әрбір әлеуметтік мәні оның дәстүрлі құқықтық нормаларға кірігіп кетуімен сипатталды. Құқықтық мәдениеттің рухани қағидалары ретінде қалыптасып, фольклорлық мәдени мұра көрсеткіштері ретінде танылатын қағидалар өз кезеңінде отбасы құндылықтарын қорғайтын және оларды реттейтін құқықтық күшке ие нормалар деп танылған болатын. Қазақ қоғамындағы отбасы институтының негізі деп танылатын неке институтының құрылуы мен қорғалу шарттарының құқықтық негізі осы құқықтық мәдениет қағидаларымен сабақтасқан. Сондықтан да қазақ қоғамындағы отбасы қатынастары мен отбасы құндылықтарының құқықтық реттелу негіздерінің қазіргі таңда да өзектілігін сақтап, заманауи құқықтық құндылықтармен астаса білуінің басты себебі осында жатыр. Дәстүрлі қоғамның әлеуметтік өмір сүру салтында құқықтық мәдени мұралардың сақталу себебі де сондықтан.

Көріп отырғанымыздай көптеген евроатлантикалық елдер өздерінің түп тамырларынан, соның ішінде ұлттық құндылықтардан да бас тартып жатқанының куәсі болып отырмыз. Адамгершілік бастаулары ретінде де, кез-келген дәстүрлі біртұтастық ретінде де: ұлттық, мәдени, діни және жыныстық бас тартулар орын алады. Көп балалы отбасы мен бір жыныстылар отбасын бір деңгейге қоятын саясат жүргізілуде. Бұл өзін өзі көбейту қабілетін жоғалту сияқты адамзат қоғамының моральдық дағдарысының куәсі болуы мүмкін [1].

Отбасылық қатынастарға әлеуметтік реттеушілердің әсері өте үлкен, бірақ құқық нормасының өзінде көрсетілетін: құқықтық реттеудің формальды анықтылығы, нормативтігі және жалпыға міндеттілігінен көрінетін өзіндік ерекшеліктері болатыны сөзсіз.

Құқық – ол мемлекет күшімен қорғалатын жалпыға міндетті әлеуметтік нормалар жүйесі. Мемлекеттік билік құқықтың көмегімен адамдар мен олардың ұжымының жүріс-тұрысын реттейді.

Құқықтың, оның отбасылық қатынастарды реттеудегі рөлін тануда отбасылық заңнамаға сілтеме жасамау негізсіз болып табылады, нақты жағдайда – ТМД елдерінің заңнамалары. Құқықтық реттеуге жататын отбасылық қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасында да орын алған.

Қазіргі таңда отбасы қоғамдағы елдің болашағын қалыптастыратын маңызды институт болып табылады. Қазақстандық қоғамдағы отбасы институтының құқықтық негізі мен қорғалу механизмінің негізгі қағидалары арқылы мемлекеттік отбасылық саясаттың мазмұны қалыптасқан. Оның құқықтық іргетасы мен нормативтік базисінің негіздері де қалыптастырылған. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын бекіту туралы 2016 жылдың 6 желтоқсанындағы Жарлығына сәйкес отбасыларды қолдау, нығайту және қорғау, отбасылар мен олардың мүшелерінің физикалық, зияткерлік, рухани, адамгершілік дамуына ықпал ететін қажетті жағдайлар жасау, ананы, әкені және баланы қорғау мемлекеттік отбасылық саясаттың мақсаттары болып табылады.

Отбасы құқығы тақырыбын шешуге байланысты объективті және субъективті мағынадағы құқық мәселесі бойынша пікірталас ерекше қызығушылық тудырады. Біз егжей-тегжейлі мәліметтерге тоқталмай, кейбір зерттеулерді ғана атап өтеміз.

Мәселен, Н.И. Матузов өз еңбектерінде жоғарыда аталған категорияларға жүгінген. Қазіргі әлеуметтік-саяси және құқықтық философияның жетістіктерін ескере отырып, құқықтар мен міндеттерді, оларды құқықтық қамтамасыз ету мәселелерін теориялық тұрғыдан зерттеу тұрғысынан құқықтық теория мәселелерін субъективті және объективті тұрғыдан зерттеуге қызығушылық бар. Отбасы құқығына келетін болсақ, ол да қазіргі зерттеушілердің назарынан тыс қалған емес. Дегенмен, авторлардың ұстанымдары тұтастай сәйкес келеді және оларды келесіге дейін қысқартуға болады: объективті және субъективті мағынадағы құқық арасындағы елеулі айырмашылықтарды Рим заңгерлері жасаған.

Құқық норма ретінде, заң актісі ретінде, мемлекетпен бекітілген жүріс-тұрыстың жалпы танылған ережелері және жекелеген субъектілердің осы ережелер шеңберіндегі жүріс-тұрысы – осылар құқықтың субъективті және объективті мәнінің ерекшелігі болып табылады.

Құқық объективті мағынада белгілі бір елдегі белгілі бір кезеңдегі заңнама болып табылады; субъективті мағынада құқық – заңнамасы негізінде және шегінде туындайтын нақты мүмкіндіктер, құқықтар, заңды мүдделер, міндеттер.

Біз өз тарапымыздан отбасы құқығы объективті мағынада да, субъективті мағынада өмір сүреді деген пікірдеміз. Бұл мағына нақты өмірлік жағдайға, нақты отбасылық құқықтық қатынасқа, оның пайда болуының, өзгеруінің немесе тоқтауының негізінде жатқан заңды фактіге, сондай-ақ нақты отбасылық қатынастарды құқықтық реттеуде нәтижелеріне тікелей тәуелділікте пайда болады. Осының негізінде құқықтық қатынастар субъектілерінің көп санының объективті отбасылық құқықтарының болуы немесе олардың субъективтік құқықтарын жекелеген субъектілердің жүзеге асыруы негізінде отбасылық қатынастарды құқықтық реттеудің ерекшеліктерін анықтауға болады. Теориялық тұрғыда отбасылық құқықты реттеуді ұжымдық құқықтық және жеке құқықтық деп бөліп қарастыру дұрысырақ болатын сияқты.

Дегенмен, «құқық» терминінің көптеген мағыналары бар екенін ұмытпауымыз керек. Ол әрқашанда және барлығында бірдей мағынада қолданыла бермейді, бірақ Н.И.Матузов атап көрсеткендей, біртұтас субъективті құқықты заң ғылымындағы орталық, түйінді категориялардың бірі ретінде қарастыра отырып, әртүрлі мағынаға ие болады. Бұл постулат отбасы құқығы теориясының қарастырылып отырған

категорияларына да қолданылады: «субъективті отбасы құқығы» және «отбасылық құқықтық қатынастар субъектісінің ерекше құқығы».

Кез келген қолданыстағы субъективті құқық адамның заңмен кепілдендірілген мүмкін мінез-құлқының түрі мен өлшемі болып табылатыны белгілі. Н.И. Матузов нақты емес, тек мүмкін деп атап көрсетеді. Бұл жағдайда «кепілдендірілген» тек формальды түрде субъект белгілі бір игіліктерді, басқа тұлғалардың әрекеттерін, өз бетінше жасаған әрекеттерін заңды түрде талап ете алады, заң оның жағында екенін, оған сене алатынын білдіреді, бірақ бұл осы жерден мұның бәрі шын мәнінде орын алады дегенді білдірмейді. Субъективті құқық бастапқыда мемлекетпен ғана емес, үшінші тұлғалармен де қамтамасыз етілген, заңмен де қамтамасыз етілген мүмкіндікті қамтиды. Мүмкіндік іс жүзінде жүзеге аса бастағанда, ол шындық деңгейіне көшеді. Бұл басқа процесс, құбылыстың басқа күйі, яғни басқа ұғым. Сондықтан да құқық қатынастарына қатысушылар ретінде субъектілердің нақты іс-әрекеттерін мазмұнға енгізуге болмайды. Субъективті құқық субъекті үшін нақты емес, тек заңды мүмкіндік туғызады, сондықтан оларды араластыруға болмайды. Айырмашылық мынада: «субъективті құқық мемлекеттен келеді; бұл құқықты жүзеге асырудың нақты әрекеті адамнан келеді». Объективті және субъективті құқық ұғымдарын құқықта объективтік және субъективтік мәселесімен шатастырмау керек. Бұл бір-бірімен байланысты болса да, әртүрлі сұрақтар. Соңғы жағдайда құқықтың қоғамдық құбылыс ретіндегі қалыптасуы мен әрекеті процестерге әсер ететін объективті және субъективті факторлардың, себептердің, жағдайлардың өзара байланысын айтамыз [2].

Отбасы құқығының субъективті мағынада көрініс табуының айқын мысалы ретінде тек отбасылық қатынастарды жеке құқықтық реттеуге жататын некеге деген құқық танылады.

Мұндай құқықтың отбасы құқығының алғашқы пайда болған институттарының ішінде өте ұзақ уақыт бойы болғанын атап өтейік. Заңнаманың аталуы кездейсоқ емес, ал кейбір елдерде әлі күнге дейін неке және отбасы құқығы деп аталады.

Сондай-ақ ерекше, субъективті ажырасу құқығы бар. Некені тоқтату өздеріне байланысты емес мән-жайлар салдарынан (қайтыс болу, олардың біреуін қайтыс болған деп жариялау немесе хабар-ошарсыз кеткен деп тану) не Неке және отбасы туралы Кодексте белгіленген тәртіппен некені бұзу жолымен ерлі-зайыптылардың екеуінің де не біреуінің өз еркі бойынша іс-әрекеттер жасауы нәтижесінде ерлі-зайыптылар арасында заңдық қатынастардың тоқтатылуы болып табылады.

Украинаның Отбасы Кодексі бұл құқықты қызық мазмұнда көрсетеді. Мысалы, аталған заңнаманың 56 бабының 3-тармағы: «Ерлі-зайыптылардың әрқайсысының неке қатынастарын тоқтатуға құқығы бар» десе, 106 және 110 баптары «некені бұзу туралы талап қою құқығын» қамтиды.

Мұндай құқық барлық уақытта болған емес, тек мемлекетті шіркеуден бөлумен және оның зайырлы сипатын жариялаумен байланысты отбасы заңнамасы дамуының белгілі бір кезеңінде ғана пайда болған [3].

Дегенмен, некеге тұру және ажырасу құқығының бар екендігі туралы мәселе әлі де даулы болып қала беретінін атап өтеміз. Деректерге сәйкес жеке көзқарас мәселен былайша белгілейік: егер неке (ерлі-зайыптылық) болса және ол кез келген басқа отбасылық-құқықтық мәселе сияқты тоқтатылуы мүмкін болса, онда тиісінше, оның құрамына кіретін субъектілер арасында оны тоқтату құқығы бар.

Тағы бір мәселе - бұл құқыққа деген көзқарас. Неке – кейбір зерттеушілердің пікірінше, келісім-шарт емес, ол қасиетті рәсімнің бір түрі. Неке қарым-қатынастары серіктестік болып саналса да, өте ұзақ мерзімді, ең жақсы жағдайда – өмір бойына

құрылуы керек. Бірақ өмірде бәрі болуы мүмкін, сонымен қатар некенің бұзылуына себеп болатын жағдайлар да туындайды [4].

Қазақстан Республикасы Конституциясының 27 бабында неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады делінген.

Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы, ана, әке және бала мемлекеттің қорғауында болады. Азаматтардың неке-отбасы қатынастарындағы құқықтары тек заң негізінде және бұл тек конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен адамгершілік құндылықтарын қорғау мақсатында қаншалықты қажет болса, сол шамада шектелуі мүмкін.

Субъективтік мағынада отбасы құқықтарына мыналар жатады:

- ерлі-зайыптылардың ортақ мүлікке құқығы (ҚР Неке және отбасы Кодексінің 33 бабы) ерлі-зайыптылардың ортақ меншік құқығын егжей-тегжейлі реттейді;

- неке шартын жасасу құқығы (ҚР Неке және отбасы Кодексінің 40 бабы).

Құқықтық қатынастардың пайда болуының белгілі бір факторларына байланысты балалардың отбасы құқықтарын объективті шығу тегі бар және субъективтік сипаттағы деп жіктеуге болады. Мысалы, Әзірбайжан Отбасы Кодексінің 11-тарауы: «Отбасындағы балалардың құқықтары» деп аталады [5].

Отбасында тұру және тәрбиелену құқығы, ата-анасын білу құқығы, ата-анасының қамқорлығын алу құқығы, олармен бірге тұру құқығы (ҚР Неке және отбасы Кодексінің 60-бабы); өз пікірін білдіру құқығы (ҚР Неке және отбасы Кодексінің 62-бабы); баланың атын, әкесінің атын және тегін алуға құқығы (ҚР Неке және отбасы Кодексінің 63-бабы); баланың мүліктік құқықтары (ҚР Неке және отбасы туралы Кодексінің 66-бабы).

ТМД елдерінің барлық отбасылық кодекстерінде ұқсас құқықтар, құқықтық нормалар бар, бірақ ерекшеліктері де бар. Мәселен, Украина ОК 171 бабының 1-тармағы балаға өзіне қатысты мәселелер бойынша, сондай-ақ отбасылық мәселелер бойынша тыңдалу құқығын береді және 152 бабының 1-тармағы баланың ата-анасының дұрыс тәрбиесіне құқығын жариялайды.

Отбасы құқығының нормаларын талдау негізінде отбасы заңнамасының құрылымына сүйене отырып, отбасы құқығы институттары мен «құқық» категорияларының мәні арасында тікелей байланыс бар деген қорытындыға келуге болады [6].

Барлық құқықтық нормалар ресми сипатта болады және тек жазбаша түрде болады. Демек, құқықтың отбасылық қатынастарға әсер етуінің негізгі белгісі оның құқықтың ерікті сипатымен анықталатын реттеушілік сипатында деп айтуға болады. Демек, қазіргі отбасылық қатынастарға әсер етудің негізгі нысаны құқықтық реттеу болып табылады. Ал мұндай реттеу мақсатында отбасы құқығының қолданылу аясы біздің жағдайда біршама кең.

Отбасы құқығы теориясында бар ұстанымдарды талдау негізінде отбасы құқығы объективті де, субъективті де мағынада бар деп болжау дұрыс болар еді. Бұл мағына нақты өмірлік жағдайға, нақты отбасылық құқықтық қатынасқа, оның пайда болуының, өзгеруінің немесе тоқтатылуының негізінде жатқан нақты заңды фактіге, сондай-ақ дәлелденген нақты отбасылық қатынастарды құқықтық реттеу нәтижелеріне тікелей тәуелділікте ТМД-ға қатысушы елдердің отбасы заңнамасынан нақты мысалдар келтіру арқылы көрінеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ковалева Ю.В., Права и отношения, регулируемые семейным законодательством: вопросы теории и практики // Семейное и жилищное право. – 2010. – № 4. С. 28–31

2. Малько А.В., Права, свободы и законные интересы: проблемы юридического обеспечения / А.В.Малько, В.В.Субочев, А.М.Шериев. – М.: НОРМА-ИНФРА-М, 2010. – С.192.

3. Матузов Н.И., Теоретические проблемы субъективного права: авто-реф. дис. доктора юрид. наук. Ғылымдар / Н.И.Матузов. – Харьков, 1973. – С.38.

4. Матузов Н.И., Актуальные проблемы теории права / Н.И.Матузов. – Саратов: изд-во СГАП, 2004. – С.512.

5. Саенко Л.В., О влиянии правовой культуры на регулирование семейных отношений // Правовая культура – 2013. – № 2. – С.132–137

6. Неке және отбасы туралы Қазақстан Республикасы Кодексі 26 желтоқсан 2011 жыл. www.adilet.zan.kz

УДК 39.138

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ОНЛАЙН-МАРКЕТИНГА СОВРЕМЕННОГО УНИВЕРСИТЕТА

Жәңгірхан А., магистрант, Yessenov University, г.Актау
Научный руководитель: Аманиязова Г.Д., Yessenov University, г.Актау

Аннотация. В статье отражен современный взгляд на эффективность использования интернет-технологий в маркетинговой деятельности вуза, представлены основные показатели, проведен краткий анализ эффективности онлайн-маркетинга на примере НАО «Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова» (далее - Yessenov University).

Ключевые слова: интернет-маркетинг, информационные технологии, веб-сайт, университет.

Введение. В настоящее время интернет (или онлайн)-маркетинг, представляющий собой практику «использования всех аспектов и элементов традиционного маркетинга в сетевом пространстве» [1], прочно вошел в жизнь университетов всего мира.

Сегодня практически все высшие образовательные учреждения в Республике Казахстане имеют свой веб-сайт, на платформе которого представлены: история создания и структура вуза, а также его основные образовательные продукты и услуги. Кроме того, университеты активно представлены в социальных сетях (блоги, Teiegram, Одноклассники, Twitter, Facebook, Вконтакте и т.д.)

Актуальность данного исследования состоит в недостаточной эффективности использования онлайн-маркетинга, поскольку нередко к нему относится скептически и занимаются им формально. Подобную практику необходимо решительно преодолевать.

Основная часть. Онлайн-маркетинг применяется с целью получения максимального эффекта от аудитории вуза, каковой являются студенты, абитуриенты, спонсоры, конкуренты и т.д.

Интернет-маркетинг в университетах можно представить следующими позициями:

-во-первых, это, конечно, главный сайт университета, который содержит полную и подробную информацию: о кафедрах данного вуза, факультетах и направлениях, количестве бюджетных мест и многом другом;

-во-вторых, университет может иметь подсайты и подразделы главного сайта образовательных подразделений. На данной позиции могут быть представлены сайты отдельных факультетов или направлений;

в-третьих, страница университета может появиться в социальных сетях.

Эффективность продвижения университетских услуг через Интернет достигается множеством способов, наиболее успешными из которых являются:

- реклама вуза в сети интернет (нативная, контекстная, таргетная, вирусная реклама);

- взаимодействие сотрудника вуза и абитуриента (студента, родителя и т. д.) посредством платформы вуза «вопрос-ответ», электронной почты, социальных сетей [2];

- отражение результатов научной деятельности преподавателей вуза в интернет-пространстве;

- отзывы о сотрудниках и преподавателях вуза.

Уже доказано, что «реализуемые с помощью инструментов сети интернет в дистанционном, интерактивном режиме» любые маркетинговые процессы, получают заряд «ускорения, удешевления и более качественного осуществления» [3].

Как прогрессивный и устремленный в будущее вуз, Yessenov University активно осваивает инструменты онлайн-маркетинга.

В Yessenov University действует стандартизированная бизнес-модель, основанная на цифровых платформах и имеющая технологию единого входа для сотрудников Университета Есенова id.yu.edu.kz. Общий портал открыт.

Технология, позволяющая пользователю переходить из одной части портала в другую или из одной системы в другую без повторной аутентификации. На портале: Битрикс24 - внутренняя документация; Canvas LMS - это электронная обучающая платформа; GMail - корпоративная почта университета; KPI – ключевые показатели эффективности; Lessons - портал онлайн-уроков; Science Journal - научный журнал; Универ - система управления обучением; Yessenov Science Journal - каталог научных журналов [4].

Студенческие клубы YU для студентов Веб-сайт; YU HelpDesk - есть сайты, которые принимают технические запросы.

В 2022-2023 учебном году Yessenov University интегрировал в образовательный процесс массовые открытые онлайн курсы (MOOC), предоставляющее обучающимся возможность получить доступ к обширным образовательным ресурсам, которые доступны в сети Интернет [4].

Всё вышеперечисленное обеспечивает эффективность деятельности Yessenov University в условиях цифровой экономики.

Официальный сайт и группы в социальных сетях, а также коммуникативные креатив-пространства вуза, являются сегодня критериями, привлекающими современную молодежь, формирующими инновационность вуза, его прогрессивность и стремление к высоким конкурентным позициям.

Сайт Yessenov University в его современном дизайне создан пять лет назад и достаточно прост в навигации. На данном сайте потенциальный студент может узнать о всех направлениях, которые есть в вузе, познакомиться с группой преподавателей, которые ведут дисциплины, а также узнать о студенческой и научной жизни студентов.

На главной странице веб-сайта Yessenov University представлена новостная лента и несколько активных переходов (рисунок 1).



Рисунок 1. Интерфейс сайта Yessenov University [5]

На странице «Сотрудникам» представлены переходы на следующие новые страницы (рис 2).




Рисунок 2. Активные окна преподавательской страницы

Web-политика вуза способствует формированию новых связей, неформальному общению между учеными и реализации инновационных разработок на основе обмена опытом и творческого содружества.

Страница «Студентам» имеет следующие активные окна (рисунок 3):



Рисунок 3. Активные окна студенческой страницы сайта Yessenov University

По результатам проведенного анализа было выявлено, что большинство студентов посещает сайт с целью получения информации о расписании и поиска учебно-методических материалов.

К сильным сторонам данного маркетингового инструмента относится то, что сайт имеет развитую структуру, что обуславливает достаточно высокую посещаемость сайта. В университете имеется специалист, работающий над сайтом и обслуживающий его.

К слабым сторонам относятся: отсутствие мониторинга и анализа рынка онлайн на сайте университета.

Веб-сайт для данного вуза может служить хорошей стартовой площадкой для развёртывания интернет-маркетинга при условии его стабильной, надежной и быстрой работы, а также постоянного обновления контента и насыщения его интересными материалами.

Эффективность интернет-маркетинга оценивается на основе различных параметров, выбираемых, исходя из используемого набора инструментов. На сегодняшний день существует ряд специальных программ или платформ для сайта, социальных сетей и т. д.

Поскольку большинство вузов работает с использованием вебсайтов, для оценки эффективности работы таких ресурсов разработан ряд специальных метрик. К основным из них относят:

- объем трафика: количество посетителей сайта за определенное время;
- число подписчиков:
- число просмотров: оценка популярности отдельных сообщений, элементов контента с целью его оптимизации, исходя из интересов аудитории;
- число комментариев: оценка контента с точки зрения обратной связи и повышения вовлеченности аудитории и др. [6].

Проанализируем эффективность веб-сайта по таким показателям, как число подписчиков и количество посещений (рисунок 4).




Рисунок 4. Динамика основных показателей эффективности веб-сайта

Исходя из данных, полученных в Yessenov University, посещаемость сайта и количество подписчиков растут значительными темпами, особенно высокий скачок наблюдался в период пандемии (2020-2021 гг), затем темп роста снизился. В настоящее время число подписчиков сайта превышает 7 тыс. чел, а количество посещений в месяц – больше 15,8 тыс.

Согласно стратегическому плану развития Yessenov University до 2029г., на повестке дня стоит дальнейшая цифровая трансформация университета: разработка комплексных решений по внедрению современной ИТ-системы, внедрению цифровой культуры - «От образовательного процесса до управления кампусом». В перспективе до 2030 г. запланировано увеличение количества посещений официального сайта Yessenov University до 50 тысяч в месяц .

Перспективными для расширения маркетинговых коммуникаций Yessenov University,0 по нашему мнению, являются также следующие направления:

- проведение опросов посетителей собственного сервера по разным аспектам маркетинга (тестирование, других методов продвижения образовательных программ и услуг, тестирование концепции новых образовательных продуктов и самих новых продуктов и др);
- исследование результатов телеконференций; использование данных опросов, проводимых на других серверах;
- поиск абитуриентов (новых клиентов) и партнеров,
- организация университетского Интернет-магазина по продаже образовательных продуктов и услуг.

Цифровая оснащенность университета как в контексте его популяризации на региональном рынке высшего образования, так и в онлайн-среде, приносит ощутимые и значительные результаты, которые вполне объективно можно оценить посредством привлеченного контингента обучающихся. Если вуз высокоактивен в онлайн и офлайн-среде, то он рассматривается аудиториями как открытый, современный, информационный, технически привлекательный образовательный конгломерат.

ЛИТЕРАТУРА

1. Чижиков Ю.Н., Шуклина З.Н. Динамика развития и особенности интернет - маркетинга в условиях глобализации продаж // Вектор экономики. 2020. № 6 (6). С. 10.
2. Темирсултанова А.Н., Магомедова П.Г., Нажмутдинова С.А. Интернет-маркетинг как инструмент развития бизнеса // Экономика и предпринимательство. 2018. № 5 (94). С. 726–728.
3. Обухов О.В. Разработка методов использования Интернет-маркетинга на промышленных предприятиях. // Автореф. ... дисс. канд. экон. наук. Екатеринбург: УрО РАН, 2020. - 20 с.
4. Стратегический план развития НАО «Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова» на 2023-2029 годы.
5. Официальный сайт Yessenov University.
6. Шевченко Д.А., Локтюшина Ю.В. Эффективность веб-сайтов высших учебных заведений. Методика оценки конкурентоспособности сайта вуза в Интернет. М.: ННОУ «МИПК», 2014. - 141с.

ӘОЖ 343.2

АРНАЙЫ ОРТА ЖӘНЕ ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ СТУДЕНТТЕРІНІҢ АРАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚТЫҢ ЖАЙ-КҮЙІ

Жұмалы Н., студенті, Yessenov University, Ақтау қ.
Ғылыми жетекші: Утенова А.А., Yessenov University, Ақтау қ.

Аңдатпа. Мақалада құқық бұзушылықтың алдын алу ерекшеліктері талданады ұйымдастырылмаған жастар арасында. Тұжырымдаманың авторлық анықтамасы жасалды ұйымдастырылмаған жастар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу. Ұсынылды профилактика түрлеріне бөлу туралы негізделген қорытындылар мен ұсыныстар құқық бұзушылықтар және алдын алу шаралары.

Жоғарыда келтірілген ғылыми тұжырымдарды назарға алу мыналарға елеулі үлес қосады ұйымдаспағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алуды тиімді ұйымдастыру жастар. Жетілдіру бойынша ұсыныстар мен ұсыныстар әзірленді ұйымдастырылмаған жастар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу.

Түйінді сөздер: құқық бұзушылық, құқық бұзушылықтың алдын алу, алдын алу түрлері ұйымдаспаған жастар арасында құқық бұзушылықтардың алдын алу, алдын алу шаралары.

Жастар қылмыстылығы – жалпы алғандағы қылмыстылықтың құрамдас бөлігі болып табылады. Белгілі тұжырымды келтірудегі мақсатым, отандық және әлемдік криминология қылмыстылықтың қолданбалы мәселелерін жасақтау және талдау үшін

жасаған нәрсенің барлығы да жастар қылмыстылығы теориясының негізін қалайтындығын және оны ғылыми тұрғыдан зерттеуге тікелей қатысты болып табылатындығын атап көрсету үшін келтіріп отырмын. Қылмыстылықтың теориялық мәселелерін тұтастай күйінде талдау әрине, менің жұмысымның міндетіне кірмейді. Менің міндетім біріншіден, алдағы зерттеу жұмысымыз үшін айтарлықтай маңызға ие болатын басты мәселелерді қарастыру және екіншіден, жастар қылмыстылығын криминологиялық зерттеудің дербес объектісі ретінде қарастыруға мүмкіндік беретін оның өзіндік ерекшеліктерге ие аспектілері туралы толығырақ айту [1].

Уақытында профессор Н.А. Стручков қылмыстылықты түсіндірудің номиналистикалық және реалистикалық екі әдісін бөліп көрсетуді ұсынған болатын.

Реалистикалық ұстаным бойынша, қылмыстардың белгілі бір шамасы жекелеген қылмыстарға тән емес белгілерге ие болатын жаңа әлеуметтік сапаны – қылмыстылықты пайда қылады. Осылайша, қылмыстылық дерексіз абстрактілі ұғым емес нақты ұғым ретінде қарастырылады [2, 7 б.]. Қылмыстылық теориясы мәселелері бойынша жазатын көптеген авторлар үшін реалистикалық әдіс барынша дұрысырақ ретінде қабылданып келеді.

Қылмыстылық қоғамдағы жағымсыз үрдістердің өзіндік түрде материализациялануы ол қоғамның және мемлекеттің белсенділігін тұсайды. Осы тұрғыдан алғанда жастардың қылмыстылығы – жастардың шешілмеген мәселелерінің, осы ортада қордаланған әлеуметтік ушығудың көлемінің, ақыр аяғында жас адамдардың өмірін қамтамасыз етумен, олардың мәселелерін шешумен айналысуға міндетті әлеуметтік институттардың дисфункциясының тереңдігінің көрсеткіші іспеттес.

Қылмыстық жүріс тұрыс – бұл адамдардың айтарлықтай кең шеңберінің өмір салты болып табылады және бұл тек кәнігі қылмыскерлерге ғана тән емес» - деп жазады В.Н. Кудрявцев [3, 10-11 бб.].

Академик В.Н. Кудрявцев тұжырымдаған пікір - жұмысым үшін үлкен маңызға ие, ол жастар қылмыстылығын оның әлеуметтік «толықтырғышы» тұрғысынан түсуіміздің мүмкіндігін кеңейтеді. Шындығында да жас қылмыскерлердің айтарлықтай бөлігі қаныпезер кісі өлтіргіштер, түзеуге келмейтін зұлымдар (ондайлар да кездеседі) емес. Олар өздерін қоршаған ортада сол ортаның ережелері мен дәстүрлерін басшылыққа ала, оларға бағына отырып, кейде тіпті бірнеше мәрте қылмыс жасайды. Осыдан кейін мынаны түсінуге болады: бір жағынан осындай өмір салтына адамды объективтік сипаттағы мән-жайлар (макро және микро орта) және оның жеке басының ерекшеліктері алып келеді. Екінші жағынан – қылмыстық жүріс-тұрыс ақыр аяғында оның өмір салтының мәніне айналып, онымен біте қайнасып кетеді.

Жастар түсінігі негізінде менің бөліп көрсеткім келетіні, жастарды қатары ретінде арнайы орта және жоғарғы оқу орындары студенттері. Жастар қатарының көп бөлігін осы айтылған адамдар тобы құрайтыны бәрімізге белгілі. Қылмыс жасауға ұрынатындардың көбі студенттер екендігі де және мұндай қылмыстардың басым бөлігі спирттік ішімдік, наша салдарынан орын алатыны да өкінішті. Яғни, жастар арасында темекі тарту, спиртті ішімдіктер ішу, құмар ойындар мен есірткіге елігу секілді жаман әдеттерге әуестену көп.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек Республика бойынша жастар арасында қылмыс жасаудан Маңғыстау облысы алдына жан салмай келеді деген ақпараттар бар [4].

Тұтастай алғандағы қылмыстылық сияқты жастар арасындағы қылмыстылық та екі деңгейде өзінің көрінісін береді. Статистикалық бірлік ретінде ол қылмыс жасаған жас адамдардың жас шамасын сипаттайтын көрсеткіштермен, сондай-ақ, осындай іс-әрекеттер санының абсолюттік және салыстырамалы көрсеткіштерімен де айқындалады.

Жастар қылмыстылығын біздің қоғамдық организмнің маңызды орталықтары: экономиканың, саяси құрылымдардың, әлеуметтік механизмдердің, мәдениеттің, құқықтық жүйенің кеселді жағдайының белгілері ретінде қарастырған дұрыс. Жастар қылмыстылығының аса маңызды ерекшелігі мынада. Біз осыған дейін жастар дегеніміз - бір жағынан алғанда, балалар болса, екінші жағынан алғанда ересек адамдар деп санайтын болсақ, жастар қылмыстылығы бір жағынан жасөспірімдер қылмыстылығының көптеген белгілерін өзіне кірістіре отырып, басқа жағынан жас шамасының толығына байланысты ересектер қылмыстылығына тән болып табылатын тұрпатты белгілермен де толығырақ. Осы ерекшеліктің маңыздылығы соншалықты ол туралы арнайы тоқталған дұрыс. Бірқатар сандық көрсеткіштердің көмегі арқылы сипаттала алатын статистикалық феномен ретінде, жастар қылмыстылығы айқын шекараға ие және сондықтан да өзінің анықтылығын (немесе дәлірек айтқанда – сандық анықтылығын) айқын көрсетеді. Бұл 18-ден 29 жасқа дейінгі тұлғалармен жасалған қылмыстардың жиынтығы.

Зерттеу әдебиеттерінде «Кәмелетке толмағандар мен жастар қылмыстылығының байланысы екі жақты. Кәмелетке толмағандар қылмыстылығы – бұл жастар қылмыстылығының көрінісі немесе көлеңкесі, себебі жасы кішілер үлкендердің жүріс-тұрыстарына еліктейді, соларға ұқсағысы келеді, ал үлкендердің қылмыстылығы кешегі күнгі кәмелетке толмағандардың есебінен толықтырылады» - деген пікірлер айтылған болатын [5, 276 б.]. Бұл пікірмен жартылай келісуге болады, себебі ол қалыптасқан жағдайды тым қарапайым бағалайтын сияқты.

Жастар қылмыстылығы туралы талдауды келесідей қорытындылармен тұжырымдауға болады.

1. Елдегі орын алған саяси, экономикалық, әлеуметтік дағдарыстың барысында кең көлемді криминалдық дағдарыстың да орын алатындығы сөзсіз, заңды және болжамды. Оның ықпал етуінің салдарынан бұрынғы жылдыры орын алып келген көптеген жағымсыз үрдістер қауіпті сипат ала бастайды. Ал жаңадан пайда болған немесе пайда болатын нәрсенің барлығы да барынша мұқият назар аударуды, терең талдауды қажет етеді ал, бұл өз кезегінде қылмыстылыққа қарсы тұратын қоғамдық және мемлекеттік күштерге осы көріністерге тиісті жауабын беруге жігер беруі тиіс екендігін қайталаған дұрыс.

2. Соңғы жылдары жастар арасындағы қылмыстық жағдайдың күрт нашарлауының маңызды жағымсыз салдарының бірі келесідей. Егер болашақта криминалдық жағдайға байланысты әлдебір жағымды тұрақтылыққа қол жеткізетін болсақ, бұл тұрақтылық тым сенімді болмайды яғни, ол кездейсоқ жағымсыз, криминогендік ықпалдарға төтеп бере алмайды.

